

"Жемістер, көкөністер, түйнекжемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 маусымдағы N 541 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 29 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Жемістер, көкөністер, түйнекжемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 6 маусымдағы
N 541 қаулысымен
бекітілген

"Жемістер, көкөністер, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

Ескерту. Тақырықа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Жемістер, көкөністер, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) жемістер, көкөністер және оларды қайта өңдеу өнімдерінің қауіпсіздігіне және тіршілік циклінің процестеріне қойылатын талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасының "Халықтың

санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы және "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Осы Техникалық регламент осы Техникалық регламентке 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына (ҚР СЭҚ ТН) сай өндірілген және әкелінген жемістерге, көкөністерге, тамыржемістілерге және оларды қайта өңдеу өнімдеріне (бұдан әрі - жеміс-көкөніс өнімдері) қолданылады.

Техникалық регламенттің талаптары жеміс-көкөніс өнеркәсібіндегі жалпы қабылданған мынадай топтарға жататын жемістерді, көкөністерді, саңырауқұлақтарды қайта өңдеу өнімдеріне қолданылады:

- жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) жартылай фабрикаттары;
- салқындатылған жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) өнімдері;
- тез тоңазытылған жемістер (көкөністер, саңырауқұлақтар);
- ашытылған көкөністер;
- тұздалған көкөніс (саңырауқұлақ) өнімдері;
- ылғалданған жеміс өнімдері;
- кептірілген жемістер (көкөністер, саңырауқұлақтар);
- кептірілген жаңғақ (тұқым, бұршақ)
- жеміс (көкөніс) цукаттары.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2010.11.15 N 1201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасының аумағында жемістердің, көкөністердің, тамыржемістілердің және оларды қайта өңдеу өнімдерінің адам өміріне, денсаулығына, тұтынушылардың мүдделеріне және қоршаған ортаға қауіпті әсері сонымен қатар әрі санитариялық, фитосанитариялық және гигиеналық нормалар мен талаптарды бақылайтын мемлекеттік органдар тарапынан талаптар белгілеуді қажет ететін аса ықтимал қауіпті факторларға мыналар жатады:

- өнімді әзірлеу (жасау);
- өнімді өндіру және қайта өңдеу;
- жарамдылық мерзімі, сақтау және тасымалдау;
- өнімді сату;
- алып қою, кәдеге жарату және жою.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

4. Осы Техникалық регламент балалар тағамы өнімдеріне, шырындарға және шырын өнімдеріне, алкогольді сусындарға, сондай-ақ жемістер мен көкөністен дайындалатын тамақтық қоспаларға, консервілерге, пресервілерге қойылатын талаптарды қамтымайды. Осы Техникалық регламент, сондай-ақ, жемістерден, көкөністерден, жабайы жемістерден, жидектерден, шөп өсімдіктері мен генетикалық түрлендірілген объектілерден өндірілетін жемдік, техникалық өнімге және медициналық препараттарға қойылатын талаптарды да қамтымайды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2010.11.15 N 1201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

5. Ескерту. 5-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1-1. Қауіпті факторлар (қатерлер)

Ескерту. 1-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

5-1. Жемістер, көкөністер, тамыржемістілер мен олардан алынған өнімдердің өмірлік циклы процесінде туындайтын, адамның, қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барынша азайтылатын қауіпті факторларға (қатерлерге): тыңайтқыштардың, уытты элементтердің, микотоксиндердің, пестицидтердің, радионуклидтердің, нитриттер мен нитраттардың құрамы, жеміс-көкөніс және басқа шикізаттың, технологиялық құралдардың, азықтық қоспалардың, дайын өнімдердің механикалық, микробиологиялық ластануы жатады.

5-2. Ықтимал қатерлер өнімнің өмірлік циклының мынадай сатылары (процестері) кезінде туындайды:

- 1) жеміс-көкөніс өнімдерін әзірлеу (жасау);
- 2) өндіріске дайындау, қоймаларда, өндірістік үй-жайларда болған, машиналармен, жабдықтармен, материалдармен жұмыс кезінде;
- 3) жеміс-көкөніс және басқа шикізатты, оның ішінде жеміс-көкөніс өнімдерінің өндірісіне арналған азықтық қоспалар мен ингредиенттерді қабылдау және дайындау;
- 4) жемістер, көкөністер, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін өндіру (дайындау);
- 5) жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін сақтау, тасымалдау, сату;

6) кәдеге жарату, жою.

5-3. Қауіпті факторлардың (қатерлердің) бірі жалған жемістер, көкөністер, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдері болып табылады. Олардың жасандылық фактісін анықтау мақсатында мынадай көрсеткіштер бойынша сынақтар (зерттеулер) жүргізіледі:

1) жаңа піскен жемістерде, көкөністерде, тамыржемістілерде антибиотиктердің (консерванттардың) болуы;

2) қарбыз, бұлдірген, шие және басқа да жеміс, көкөністердің пісуін тездету үшін қолданылатын нитриттер мен нитраттардың, басқа да қоспалардың болуы;

3) сиропта, маринадта, тұздық суында, құймада дайындалған жеміс-көкөніс өнімдерінің жалпы нетто салмағындағы негізгі жеміс-көкөніс өнімдерінің салмағы;

4) қызанақ өнімдерінде - толтырғыштардың, қоюландырғыштардың (крахмалдың), жасанды бояғыштардың (кармуазин, амарант, понсо 4R, эритрозин, қызыл 2G, "АС ерекше қызыл", тартразин, "күнбатыс сары", хиолинді сары және индигокармин), жасанды хош иістендіргіштердің болуы;

5) жеміс-көкөністі желеде - толтырғыштардың, қоюландырғыштардың (крахмалдың), жасанды бояғыштардың, жасанды хош иістендіргіштердің болуы;

6) жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу өнімдерінде - каротиноидтардың (альфа- бета- және гамма-каротиндер, лютеин, ликопин, зеаксантин, нейроспорин, бета-криптоксантин, фитоен, фитофлюен, виолаксантин, биксин және норбиксин) болуы;

7) жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу өнімдерінде - А охратоксиннің болуы;

8) жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу өнімдерінде - синтетикалық тәттілендіргіштердің (сахарин, аспартам, К ацесульфам, цикламат) болуы;

9) жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу өнімдерінде - генетикалық түрлендірілген объектілердің болуы;

10) Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасына сәйкес белгіленген басқа көрсеткіштер.

1-2. Жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін сәйкестендіру

Ескерту. 1-2-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

5-4. Жеміс-көкөніс өнімдерін сәйкестендіру олардың таңбалануы мен сыртқы түрін қарау, қимасында сыртқы түрін, иісін, дәмін және консистенциясын бағалап, үлгілерінің сынақтарын өткізу арқылы жүргізіледі. Сынақтар мен

бақылау әдістері Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес болуы тиіс.

5-5. Жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін сәйкестендіру мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

1) жемістердің, көкөністердің, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін осы Техникалық регламенттің қолданылу саласына жатқызу;

2) жемістердің, көкөністердің, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің, оның ішінде олардың атаулары мен сәйкестендіру көрсеткіштерінің осы Техникалық регламенттің, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін анықтау;

3) жемістердің, көкөністердің, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің тұтынушыларға арналған ақпаратта, дайындаушы немесе сатушы ұсынған сәйкестік туралы декларацияда немесе сәйкестік сертификатында қамтылған мәліметтерге сәйкестігін анықтау;

5-6. Жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін бірдейлендіру осы техникалық регламент, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарына жемістердің, көкөністердің, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің сәйкестігін бағалау және растау кезінде, сондай-ақ, егер ақпаратта жемістер, көкөністер, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдері туралы сипаттама толық болмаған жағдайда жүргізіледі.

5-7. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар және сынақ зертханалары (орталықтары) жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін бірдейлендіруді сәйкестікті растау рәсімін жүргізу кезінде жүргізеді.

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін бірдейлендіруді тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы бақылауды жүзеге асыру кезінде жүргізеді.

5-8. Жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін бірдейлендіру стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда, жемістерге, көкөністерге, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдеріне арналған ілеспе құжаттарда, жемістерге, көкөністерге, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдеріне арналған жеткізу шарттарында, келісім-шарттарда, өзіндік ерекшеліктерде, тұтыну орамының зат белгілеріндегі ақпаратта және жемістердің, көкөністердің, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің сипаттамасын қамтитын басқа да құжаттарда келтірілген белгілерді ескере отырып жүргізіледі.

Тиісті стандарттарда жемістердің өлшемі мен пішіні, қабығы мен жұмсағының боялуы, қабығының қалыңдығы және төзімділігі, жұмсағының

консистенциясы, дәмі және хош иісі, құрамында биологиялық белсенді заттардың болуы сияқты көрсеткіштер бойынша сипатталатын жаңа піскен жемістердің, көкөністер мен тамыржемістілердің осы партияға тиесілілігі өнімнің тауарлық сорты, помологиялық сорты, көкөністердің әр түрлілігі, жүзімнің ампелографиялық сорты, жаңғақтың тауарлық-помологиялық топтары, ботаникалық сорты жемістердің сорттық типі сияқты белгілер бойынша және өнімнің басқа ерекше белгілері бойынша айқындалады.

5-9. Жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін бірдейлендіруді жүргізу нәтижелері талданады және бірдейлендіруді жүргізу хаттамасы түрінде ресімделеді, оның мазмұны мыналарды:

1) жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін бірдейлендіруді жүргізген ұйым туралы мәліметтерді;

2) заңды тұлғаның тұрғылықты жері (мекен-жайы) және деректемелері, дара кәсіпкер - жеке тұлғаның мекен-жайы, тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін дайындаушы туралы ақпаратты;

3) бірдейлендірілетін өнімдердің атауын, олардың жіктеу белгілерінің атауын ;

4) оларды бірдейлендіруді жүргізу кезінде пайдаланылған жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдері туралы мәліметтерді;

5) жемістердің, көкөністердің, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің шығарылған күні, жарамдылық мерзімі, оларды сақтау шарттары, нақты таңбалауды (арнайы таңбалау болған кезде), арнайы таңбалауды көрсету;

6) жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін аккредиттелген сынақ зертханаларында (орталықта) (оларды өткізу қажет болса) сынаудың (зерттеудің), оның ішінде органолептикалық көрсеткіштерін сынаудың (зерттеудің) нәтижелерін;

7) орам туралы, оның ішінде орам түрі туралы, жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін тұтыну орамындағы немесе тасымалдау ыдысындағы таза салмағы немесе көлемі туралы мәліметтерді;

8) осы өнім партиясының мөлшерін;

9) таңбалаудың Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтерді;

10) соған сәйкес осы өнім өндірілген стандарттау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің, нормативтік құжаттардың (олар болған кезде) немесе осы өнімнің, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген өнімнің

сипаттамасын қамтитын басқа да құжаттың (жеткізу келісім-шарты, сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік декларациясы, қауіпсіздікті растайтын құжат, осы өнімге өзіндік ерекшелік) атауын;

11) қажеттілігін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар белгілейтін қосымша сынақтар (зерттеулер) (талап етілген жағдайда) жүргізу туралы қорытындыны;

12) осы өнімнің өтінім берілген атауға және (немесе) осы өнімнің нақты партиясына және оның декларияланатын көрсеткіштеріне сәйкестігі туралы қорытындыны қамтиды.

5-10. Жемістер, көкөністер, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдері Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда өндірістен және (немесе) айналымнан шығарылуы тиіс.

5-11. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкессіздік анықталған жағдайда жалған жемістерді, көкөністерді, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін өндіру және (немесе) өткізуді тоқтату жөнінде шаралар қабылдайды және бұл жөнінде тұтынушыларды хабардар етеді.

2. Терминдер мен анықтамалар

6. Осы Техникалық регламентте мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

шикізат - өсімдіктен, жануардан өндірілетін, микробиологиялық, химиялық және минералдық жолмен алынатын, тамақ өнімін өндіру (даярлау) үшін пайдаланылатын объектілер;

технологиялық ақау - шикізаттағы және/немесе дайын өнімдегі оны өндіруде технологиялық процесс сақталмауы немесе төмендеуі себеп болатын ақау;

көкөністер немесе жемістер - шекілдеуікті (алма, алмұрт, беже және т.б.), сүйекті (өрік, алхоры, шие, шабдалы және т.б.), цитрусты (апельсин, лимон, мандарин, грейпфрут және т.б.), субтропикалық және тропикалық жемістер (інжір, анар, манго, ананас, банан, авокадо және т.б.), жидектер (жүзім, қарақат, қарлыған, бүлдірген және т.б.), жаңғақтар (түйе жаңғақ, самырсан жаңғағы, бадам жаңғағы, жержаңғағы, фундук және т.б.) болып бөлінетін өсімдіктердің бұта және ағаш тұқымдары өнімдерінің жеуге жарамды жемістері;

жидектер - белгілі бір тәртіппен, бірақ, қабыршақсыз жұмсаққа тікелей батып орналасқан жұқа қабығы, жұмсақ шырыны мен тұқымдары бар көпжылдық бұта және шөп өсімдіктерінің жемістері;

жаңғақтар - ағаш тәріздес ашылмайтын қатты қабыршақпен - қабықпен жабылған жеуге жарамды бөлігінде тұқымы болатын жемістер;

көкөністер - шөп өсімдіктерінің жемістері мен вегетативтік органдары;

жабайы өсетін шөп өсімдіктері - әртүрлі вегетативтік бөліктері: түбірлері, сабақтары, жапырақтары, гүл шоғырлары, тағамға пайдаланылатын жеуге жарамды өсімдіктер, сыныптама бойынша көкөністерге жатады;

вайялар - өсімдіктің түп тамырында орналасқан, жаңаратын гүл тамырларынан топырақ үстінде өсіп жетілетін папортник жапырақтары, сондай-ақ өркендер деп те аталады;

саңырауқұлақтар - табиғи экожүйелердің қалыптасуына ықпал ететін және дайын органикалық заттармен қоректенуге бейім тірі организмдердің айрықша типі;

жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар - құрамында улы заттар жоқ, бірақ иісі жағымсыз немесе дәмі ащы, өткір болғандықтан, жағымсыз түйсіктерге немесе ас қорытудың жеңіл-желпі бұзылуына себеп болады;

жеуге жарамды саңырауқұлақтар - жабайы түрде өсіп жетілген немесе егілген саңырауқұлақтардың жемісті тіндері, қажетті қайта өңдеуден кейін азық ретінде қолдануға болады;

жеміс және көкөніс жартылай фабрикаттары - кейіннен әртүрлі тәсілдермен қайта өңдеуге және консервілеуге арналған жеміс пен көкөністен дайындалған өнімдер;

тез тоңазытылған өнімдер - табиғи тамақ компоненттерін қосып немесе қоспай, туралған немесе ұсақталған жемістен (көкөністен) немесе көкөністер мен жемістердің белгіленген технологияға сәйкес әзірленген қоспасынан даярланған, жедел тәсілмен оралған және 18 ° С-ға дейін жеткізілген өнімнің ішкі температурасы - сақтау кезінде және тұтынушыға дейінгі тоңазыту тізбегінде өзгертілмейтін тоңазытылған өнімдер;

ашытылған көкөністер - бүтін немесе туралған көкөністердің бір немесе бірнеше түріне ас тұзын қосып немесе қышқыл-тұздалған немесе тұздалған ерітінді құйып даярланған, қышқылды сүтпен ашытылған өнімдер;

жемістерді (көкөністерді, саңырауқұлақтарды) қайта өңдеу өнімдері - өсімдіктерден, жануарлардан, микробиология немесе минералдан алынған тамақ өнімдері қосылған немесе қосылмаған жемістерден (көкөністерден, саңырауқұлақтардан) алынған, белгіленген технологияға сәйкес дайындалған, ыдыстың алуан түрінде белгілі жағдайларда сақтаудың белгіленген мерзім ішінде өнімінің сақталуын қамтамасыз ететін өнімдер;

тоңазытылған жеміс (көкөніс, саңырауқұлақ) өнімдері - жемістерден (көкөністерден, саңырауқұлақтардан) немесе жемістердің және/немесе

көкөністердің және/немесе саңырауқұлақтардың қоспаларынан дайындалған жемістерді (көкөністерді, саңырауқұлақтарды) қайта өңдеу өнімдері, немесе өсімдік немесе малдан алынатын майлар, майонез, әртүрлі дәмдік қоспалар, ет, балық, ет өнімдері, балық өнімдері және басқа тамақ өнімдері, дәмдеуіштер, көк, консерванттар қосылған немесе қосылмаған, белгіленген технологияға сәйкес дайындалған, әдеттегі қоршаған орта жағдайында ыдысқа немесе герметикалық ыдысқа вакууммен немесе реттелетін газды ортада буып-түйілген, минус $1^{\circ}\text{C} + 5^{\circ}\text{C}$ температурасына дейін тоңазытылған және осы температурада сақталатын дайын тағамдар.

кептірілген жемістер (көкөністер, саңырауқұлақтар) - тұтас, туралған немесе ұнтақ тәрізді, жаңадан піскен тұтас немесе туралған жемістерден (көкөністерден, саңырауқұлақтардан) дайындалған, технологияға сәйкес дайындалған, олардың сақталуын қамтамасыз ететін, ылғалдың үлес салмағына жеткенге дейін термиялық өңдеу немесе ауада және күн көзінде кептіру жолымен кептірілген жемістерді (көкөністерді, саңырауқұлақтарды) қайта өңдеу өнімдері;

кептірілген жаңғақтар (тұқымдар, бұршақтар) - жаңғақ жемісті дақылдардың жемістерінен (майлы дақылдардың тұқымдарынан, бұршақтардан) дайындалған, тазартылған немесе тазартылмаған, олардың сақталуын қамтамасыз ететін, ылғалдың үлес салмағына дейін термиялық өңдеу тәсілімен немесе табиғи жолмен кептірілген, қуырылған немесе қуырылмаған, қабыршақталған, қабыршақталмаған, тұз немесе қант қосылған немесе қосылмаған жемістерді қайта өңдеу өнімдері;

жеміс (көкөніс) цукаттары - тұтас немесе туралған жемістерден (көкөністерден), қант сиробында бір рет немесе көп мәрте пісіру жолымен цитрус және/немесе бақша өнімдерінің қабықтарынан дайындалған, 80% кем емес құрғақ заттардың үлес салмағына дейін кептірілген, қант немесе қант ұнтағы себілген немесе қабыршақталған, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 70% аспағанда ұзақ сақтау үшін арналған жемістерді (көкөністерді,) қайта өңдеу өнімдері;

ылғалданған жеміс өнімдері - қант ерітіндісі және/немесе ас тұзы қосылған, жеміс және/немесе көкөніс компоненттері, бал, қара бидай ұны, уыт, қыша, дәмдеуіштер, көк қосылған немесе қосылмаған жаңа піскен тұтас немесе туралған жемістерден дайындалған, қышқыл сүт ашуына ұшыраған, табиғи немесе таза қышқылды сүт бактерияларынан дайындалған ашытқылар қосылған, алынған ерітіндіде минус $1^{\circ}\text{C} + 4^{\circ}\text{C}$ дейінгі температурада сақтау үшін арналған, қысқа мерзімді сақтау кезінде $1^{\circ}\text{C} + 10^{\circ}\text{C}$ дейінгі температурада сақтауға рұқсат етілетін жемістерді қайта өңдеу өнімдері;

тұздалған көкөніс (саңырауқұлақ) өнімдері - ас тұзы ерітіндісі қосылған, дәмдеуіштер, татымдылық өсімдіктерінің бөліктері қосылған немесе қосылмаған жаңа піскен тұтас көкөністерден (саңырауқұлақтардан) дайындалған, қышқыл сүт ашуына ұшыраған, табиғи немесе таза қышқылды сүт бактерияларынан дайындалған ашытқылар қосылған, алынған ерітіндіде минус 1°C + 4°C дейінгі температурада сақтау үшін арналған, қысқа мерзімді сақтау кезінде 1°C + 10°C дейінгі температурада сақтауға рұқсат етілетін көкөністерді (саңырауқұлақтарды) қайта өңдеу өнімдері;

жеміс-көкөніс шикізатын калибрлеу (жеміс-көкөніс шикізатын сорттауға жол берілмейді) - жеміс-көкөніс шикізатын мөлшерлері бойынша бөлу;

жеміс-көкөніс шикізатының концентрацияланған өнімі (жеміс-көкөніс шикізаттың қоюлатуға жол берілмейді) - жеміс-көкөніс шикізатының туралған салмағынан ылғалды буландыру немесе мұздату;

өңделінген жемістер - күкіртті ангидридпен, күкіртті қышқыл ерітіндісімен, күкіртпен, натрий бисульфитымен өңделген жемістер;

тамақ өнімдерінің антиқышқылдатқыштары - майлардың, құрамында май бар өнімдердің және басқа органикалық заттардың тотығуына кедергі болатын, табиғи және синтетикалық химиялық заттар;

шикізатты жуу - таза шикізаттың микроорганизмдермен тұқымдану дәрежесі бойынша кейіннен бақылай отырып, жуу машиналарында ластаушыларды, улы химикаттарды, қоспаларды және микроорганизмдерді жою;

сұрыптау - жеміс-көкөніс шикізатын сапасы, пісіп жетілуі, түсі бойынша бөлу ;

инспекция - шикізатты тексеру, жарамсыз (механикалық зақымдалған, зеңделген, дұрыс емес пішінді, көгерген т.б.) түрлерін сараптау;

суға салып қою - жеміс-көкөніс шикізатының консистенциясын, ісінуін, сіңімділігін жақсарту үшін суда немесе тұздың органикалық қышқылдардың судағы ерітінділерінде ұстау;

бұқтыру - жемістердің немесе көкөністердің қарайып кетпеуін болдырмау, сыртын алып тастау, нитриттер (нитраттар) құрамын азайту, ащы дәмін, өзіне тән иісін жою үшін аз уақыт аралығында өнімді қайнаған сумен немесе бумен өңдеу;

тазалау - қабықтарынан, сүйектерінен, тұқымдарынан, жеміс сабақтарынан, тұқым камераларынан және т.б. - жеуге жарамсыз немесе тағамдық жағынан құны темен бөліктерінен ажырату процесі. Тазалаудың химиялық, паротермиялық, суыту және механикалық әдістерін қолданады;

жеміс-көкөніс шикізатын үгіту - ұсақтау немесе кесу арқылы жеміс-көкөніс шикізатының талшық құрылымын механикалық бұзу;

сұрту - жеміс-көкөніс шикізатын арнайы сұрту машиналарында өңдеу үдерісі, оны езбе тәріздес өнімдер өндірісі кезінде жылумен өңдеуден кейін жүргізеді;

тауарлық сорт - бір немесе бірнеше сапалық көрсеткіштері бойынша белгілі бір тауар түрінің градациясы.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2010.11.15 N 1201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

3. Өнімді өндіру және қайта өңдеу

7. Қайта өңделген жеміс-көкөніс өнімдерін құюды, буып-түюді, сақтауды, тасымалдауды қоса алғанда оларды дайындау кезінде, сондай-ақ өндірістің жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу кезінде жеміс-көкөніс өнімдерінің осы Техникалық регламенттің қойылатын талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

8. Дайындаушы өнімді белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетіндей етіп өндіреді және өндіруші таңдаған жүйе шеңберінде және Техникалық регламентте белгіленген тәуекелдерді талдау және сыни нүктелерді бақылау қағидаттары негізінде тиісті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етеді.

9. Жаңа піскен түрінде сатуға, сондай-ақ қайта өңдеуге арналған жемістер мен көкөністерді, жеміс-көкөніс өнімдері өндірісі кезінде пайдаланылатын басқа шикізатты, компоненттерді қабылдау (кіріс бақылау) кәсіпорын бекіткен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне өндірістік бақылау бағдарламасына қолданыстағы стандарттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Көкөністердің сыныптамасы осы Техникалық регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

10. Қайта өңдеуге осы Техникалық регламенттің қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нақты өнімге арналған талаптарына сәйкес болатын таза шикізат жатады.

Саңырауқұлақтардан жасалатын өнімдерді шығару үшін тек жаңа піскен жеуге жарамды, жиналғаннан кейін сапасы төмендей бастағанға дейін бірден өңдеуге немесе техникалық қайта өңдеуге ұшыраған саңырауқұлақтарды пайдалануға жол беріледі.

Жеміс-көкөніс шикізатын қайта өңдеуге (бұқтыруға, тазалауға, кесуге, үгітуге, сұртуға) дайындаудың кейінгі процестерін жүргізген кезде қайталама механикалық, химиялық, микробиологиялық ластауға жол берілмейді.

Технологиялық процесте пайдаланылатын су ауыз суға қойылатын қауіпсіздік талаптарына сай болуы тиіс. Шикізаттың қосымша ластануын болдырмау үшін жууға пайдаланылатын су, егер оны тиісінше өңдеу көзделмесе, айналмалы болмауы тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

11. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.11.15 N 1201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Кәсіпорындарда өндірістік цехтарды, учаскілерді, бөлімшелерді, қоймалық, қосалқы үй-жайларды жоспарлау технологиялық процестердің кезеңділігін, жемістер және көкөністер, тамыржемістілер және оларды қайта өңдеу өнімдерінің қауіпсіздігін, жинау, жуу, дезинсекциялау сапасына санитарлық бақылау мен қадағалау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

13. Жеміс-көкөніс өнімдері өндірісінде тікелей тұтынуға арналған өнімдерде олардың қалдық саны болмау шартымен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жуатын және тазартатын құралдарды, химиялық дезинфекциялау заттарын қолдануға рұқсат етіледі.

14. Кәсіпорын жайының ауасын жылыту, желдету, желдеткіш сорғы жүйелерін орнату нормаланған климаттық жағдайларды қамтамасыз ететін техникалық шешімдердің жүргізілуі көзделуге тиіс.

15. Өнімдерге арналған жабдықтар және ыдыс (контейнер) денсаулыққа қауіпсіз, сондай-ақ жеңіл тазаланатын және өнімді зақымдамайтын материалдан жасалуы тиіс. Көкөністердің, жемістердің, тамыржемістілердің, жидектердің, саңырауқұлақтардың өнімдерін жинау санитарлық гигиенаның талаптарына жауап беруге тиіс. Жинау кезінде тамақ өнімдерін зақымдамас үшін жеуге жарамсыз өнімдерді бөлек орналастыру қажет.

Шикі өнімдерді малдан, шыбын-шіркейден шығатын, зиянды жәндіктермен, құстармен, химиялық немесе микробиологиялық және басқа да жағымсыз заттармен ластанудан қорғау мақсатында сақтық шаралары қабылданған болу қажет. Өнімнің сорты және өнімді жинау тәсілі, оның талап етілетін сақтау типін және сақтау дәрежесін көрсетеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

16. Технологиялық және тоңазытқыш жабдықтарды, сондай-ақ шикізаттар мен дайын өнімдерді қоймаларда орналастыру қарсы ағымдағы шикі және дайын өнімнің кедергісіз бос өтімін қамтамасыз етуі қажет.

17. Жерүсті және жерасты көздерінен шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына су беретін сумен жабдықтау көздері және су құбырлары құрылғылары Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген талаптарға сәйкес санитарлық қорғаныш аймағы болуы тиіс, ал ауыз су тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі талаптарына сәйкес болуы керек.

18. Өсімдік ресурстары мен өнімдерді бұзылу және жойылудан қорғауды қамтамасыз ету үшін жемістер мен көкөністер карантиндік объектілерден таза болуға тиіс және өсімдіктер карантині саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарына жауап беруі қажет.

19. Айналымдағы жеміс-көкөніс өнімдері және олардың қайта өңдеу өнімдері тұтынушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірмеуі тиіс және Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген гигиеналық нормаларға және қауіпсіздік көрсеткіштеріне сәйкес болуы қажет.

20. Құрғатылған, концентратталған жемістер мен көкөністер үшін түпкілікті өнімдегі құрғақ заттардың құрамын есепке ала отырып химиялық қауіпсіздік көрсеткіштеріне қайта есептеу жүргізу қажет.

Құрамы аралас өнімдердің қауіпсіздік көрсеткіштерін анықтау шикізаттардың негізгі түрлерінің үлес салмағы бойынша және де нормаланатын контаминанттардың рұқсат етілген деңгейі бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

21. Жемістер, көкөністер, тамыржемістілер және оларды қайта өңдеу өнімдерінде патогенді микроорганизмдердің және паразитті аурулар қоздырғыштарының, олардың жұқпалы және паразитті аурулар тудыратын немесе адамның денсаулығына қауіп төндіретін уыттарының болуына жол берілмейді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

22. Жеміс-көкөніс өнімдері өндірісінде тағамдық қоспалар, қосалқы технологиялық құралдар "Тағамдық қоспалардың, оларды өндіру мен айналымының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

23. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.11.15 N 1201 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Қаулысымен.

24. Өнімнің орамы өнімнің нақты түрін тасымалдау және сақтау шарттарын сақтай отырып, айналымның барлық кезеңінде оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

25. Жеміс-көкөніс өнімдерімен байланысты буып-түю ыдыстары жасалған материалдар қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес болуы тиіс.

26. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін (импортталатын) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Келіп түскен жеміс-көкөніс және басқа да шикізаттың әрбір партиясы мынадай көлік құжаттарымен және тауардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттармен сүйемелденуі тиіс:

1) тауарлық-көлік жүкқұжаты;

2) шикізаттың техникалық регламенттердің, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың белгіленген талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

3) фитосанитарлық сертификат (Қазақстан аумағына әкелінген өсімдік шаруашылығы өнімдері үшін);

4) карантиндік сертификат (облысаралық жеткізу кезінде өсімдік шаруашылығы өнімдері үшін).

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-1. Жеміс-көкөніс өнімдерін буып-түю және таңбалау

Ескерту. 3-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

26-1. Жеміс-көкөніс өнімдерін таңбалау "Буып түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламентіне, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға, сондай-ақ осы бөлімге сәйкес жүзеге асырылады.

26-2. Жеміс-көкөніс өнімдері өнімнің осы түрлерін тасымалдау және сақтау шарттары сақталған кезде айналымның барлық сатыларында оның сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, буып-түйіледі.

Жеміс-көкөніс өнімдерін механикалық зақымданудан сақтау үшін өнімнің әрбір түріне тән көліктік және тұтыну ыдысы пайдаланылады, олардың түрлері тиісті нормативтік-техникалық құжаттарда белгіленген. Тұтыну ыдысы таңбалаудың (затбелгі жапсырудың) тасушысы болып табылады.

Ескерту. 26-2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.15 N 1201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

26-3. Егер мөлшері шағын (бір жағының ауданы 10 см^2 -ден аспайды) орауышқа (ыдысқа) тұтынушыға арналған ақпараттың қажетті мәтінін түсіру мүмкін болмаса, онда ақпаратты топтық орауышқа (ыдысқа) немесе жеке немесе топтық орауыштың (ыдыстың) әрбір бірлігіне қоса берілетін қосымша параққа орналастыруға рұқсат етіледі. Сондай-ақ өнім (тауар) жинақтап сатылатын топтық орауыштың (ыдыстың) әрбір бірлігі тұтынушыға арналған ақпаратпен қоса жіберіледі.

Тұтынушыларға өнімді (тауарды) алдын ала өлшеп салынбаған түрінде өткізу кезінде, өнім (тауар) сауда үй-жайларында (сатылатын орындарда), оның ішінде сатып алушының көзінше өлшеп салынған жағдайда, олар туралы ақпаратты орауыштың (ыдыстың) әрбір бірлігіне қоса берілетін қосымша параққа, өнімнен (тауардан) тікелей жақын жердегі баға көрсеткішке немесе ақпараттық параққа орналастыруға рұқсат етіледі.

Сату орындарында қаптарға салынған өнімде (тауарда) буып-түйілген немесе өлшеп салынған ұқсас өнім үшін көзделген ақпарат болуға тиіс. Тұтынушыға арналған ақпарат қаптарға бекітілген зат белгілерге жазылады.

Өнімді (тауарды) дайындаушы (өндіруші) тұтынушыға арналған ақпаратты орауыштың (ыдыстың) бірлігінің тек сол бір жеріне орналастырады.

Тұтынушыға арналған ақпаратты оқу үшін қолайлы бір немесе бірнеше орынға орналастыруға рұқсат етіледі.

Жаңа піскен жемістерді (көкөністерді) таңбалауда:

- 1) тауарлық сорты (бар болса);
- 2) өнімді өңдеудің және (немесе) буып түюдің ерекше тәсілдерін көрсету;
- 3) жинау күні, буып-түю күні;
- 4) қорғалған топырақта өсірілген өнім туралы ақпарат (қорғалған топырақта өсірілген өнім үшін);
- 5) сақтау шарттары болуы тиіс.

26-4. Қайта өңделген жеміс-көкөніс өнімдерін таңбалау кезінде:

- 1) массасы немесе негізгі өнімнің массалық үлесі (сиропта, маринадта, тұздықта, құймада дайындалған өнімдер үшін);
- 2) өнімнің тағамдық құндылығы (арнайы мақсаттағы өнімдерінде дәрумендер, күлдер, қоспалар құрамын көрсете отырып);
- 3) шикізатты, жартылай фабрикатты немесе дайын өнімді өңдеудің ерекше әдістері (атауына қосылады);
- 4) тауарлық сорты (бар болса);

5) дайындалған және буып-түйілген күні;
6) жарамдылық мерзімі;
7) диабеттік өнімдерге арналған тәттілеуіштердің болуы;
8) өнімді қолдану мен дайындау жөніндегі ұсынымдар (қажет болған кезде) көрсетіледі.

Ескерту. 26-4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.15 N 1201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

26-5. Жеміс-көкөніс өнімдерінің атауы мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс :

1) өнімнің атауында сорттық түрі көрсетіледі, мысалы: тиісінше "сүйегінен бөлінетін шабдалы" немесе "сүйегінен бөлінбейтін шабдалы" және тиісінше " сары шабдалы (ақ, қызыл, немесе жасыл)";

2) өнімнің өзіне және қасиеттерін елеулі дәрежеде айқындайтын жекелеген тұздықтар, қоспалар немесе дәмдеуіштер "-бен (-пен)" немесе "-та (-те)" деген жалғаулармен белгіленеді, мысалы "Сары май қосылған тұздықпен" немесе " Өсімдік майы қосылған тұздықта".

Егер өнім мөлшері бойынша калибрленген болса, жемістің не диаметрі, не тиісінше "ұсақ", "орташа", "ірі" деген сөздер көрсетіледі.

Ескерту. 26-5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.15 N 1201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

26-6. Жеміс-көкөніс өнімдерінің жарамдылық мерзімін Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасына сәйкес оның дайындаушысы белгілейді.

26-7. Дайындаушы белгілеген сақтау және тасымалдау шарттары жеміс-көкөніс өнімдерінің жарамдылық мерзімі ішінде осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

Тазаланбаған, кесілмеген немесе өңделмеген картопты қоса алғанда, жаңадан піскен жемістер мен көкөністерге жарамдылық мерзімін көрсету талап етілмейді.

4. Сақтау және тасымалдау

Ескерту. 4-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

27. Жемістердің, көкөністердің, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің ұзақ сақталуы арнайы жеміс-көкөніс сақтау орындарында, тоңазытқыштарда, дайын өнім қоймаларында жүзеге асырылады.

Өнім оның жағдайын бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігі болатындай етіп орналастырылады. Жаңа піскен жемістер, көкөністер, тамыржемістер үшін желдету мүмкіндігі қамтамасыз етілу қажет.

Жеміс, көкөніс, тамыржемістердің әрбір сортына, түріне өзінің сақтау режимдері (қоршаған ортаның температурасы, ылғалдылық) қолданылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

28. Жеміс, көкөніс, тамыржемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің ластану қатерін барынша азайту шартымен, олар көлік құралдарында және (немесе) контейнерлерде орналастыруға және сақтауға жатады.

Жеміс-көкөніс өнімдерімен бірге басқа тамақ өнімдерін немесе өзге жүктерді бір уақытта тасымалдау үшін көлік құралдарын және (немесе) контейнерлерді пайдалану кезінде жаңа піскен және қайта өңделген жеміс-көкөніс өнімдерінің жанасуына, ластануына және органолептикалық ерекшелігінің өзгеруіне жол бермейтін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

Жеміс-көкөніс өнімдерін тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары және (немесе) контейнерлер немесе сыйымдылықтар осындай өнімдердің қажетті температурасын сақтап тұру үшін тиісті түрде жабдықталады.

Жеміс-көкөніс өнімдерін сақтауға арналған көлік құралдары мен үй-жайлар үнемі механикалық тазалаудан, жуудан және қажет болған кезде дезинфекциядан өткізіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

29. Сақтауды және тасымалдауды жүзеге асыратын тұлға дайындаушы белгілеген жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау және тасымалдау шарттарын сақтайды.

5. Өнімді сату

Сатылатын өнім осы Техникалық регламенттің талаптарына жауап беруге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттары болуы тиіс.

30. Базарда жеміс-көкөніс өнімдерін орналастыруды және сатуды жүзеге асыратын субъектілердің нормативтік құжаттарға сәйкес өнімнің нақты түрлерін қабылдау, бақылау, бірдейлендіру және сақтау мүмкіншіліктерін қамтамасыз ететін қажетті үй-жайлары мен жағдайлары болуы тиіс.

31. Өнімнің сатылуы адамның өмірі мен денсаулығын және қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ететін санитарлық-гигиеналық нормативтерді сақтай

отырып, сауда саласындағы заңнамаға және ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Сатылатын өнім қауіпсіздігі бойынша осы Техникалық регламенттің талаптарына, ал басқа көрсеткіштер бойынша шартта көрсетілген жағдайларға сәйкес болуы қажет. Шартта өнімнің осы тобына заңнамада белгіленген көрсеткіштермен салыстырғанда өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне барынша жоғары талаптар көзделуі мүмкін.

32. Өнімді сату барысында, дайындаушы белгілеген сақтау шарттары сақталуы тиіс.

33. Осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келмейтін, сақтау немесе жарамдылық мерзімі өтіп кеткен, сапасыздық белгілері бар, осы Техникалық регламенттің талаптарын бұза отырып таңбаланған, белгіленген нысандағы ілеспе құжаттары жоқ өнімдер сатуға жіберілмейді.

34. Өнімді сатып алушылар мен тұтынушылар өздерінің қауіпсіздігі мақсатында таңбалауда көрсетілген талаптарға сәйкес өнімді пайдалану және тұтыну бойынша дайындаушының (сатушы) ұсынымдарын сақтайды.

Өнімнің бұзылғаны анықталған жағдайда оны сатуды жүзеге асыратын субъектілер қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны сатудан алып тастайды, тұтынушыдан қайтарып алады, сараптамаға жібереді, қажеттілігі болған кезде оның кәдеге жаратылуын немесе жойылуын қамтамасыз етеді.

6. Жеміс-көкөніс өнімдерінің қадағалануы

Ескерту. 6-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

7. Сапасыз және адам өмірі мен денсаулығына қауіпті жеміс-көкөніс өнімдерін кәдеге жаратуға және жоюға қойылатын талаптар

Өнімді кәдеге жарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

40. Сапасыз және адам өмірі мен денсаулығына қауіпті болып мынадай:

- осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келмейтін;
- айқын сапасыздық белгілері бар;

- өнімнің шығу тегін, сапасы мен қауіпсіздігін растайтын өнімді дайындаушының (берушінің) құжаттары жоқ;

- жарамдылық немесе сақтау мерзімі белгіленбеген немесе өтіп кеткен жеміс-көкөніс өнімдері танылады.

8. Сәйкестігін растау

41. Осы Техникалық регламент пен үйлестірілген стандарттардың талаптарына өнімдердің сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Сәйкестікті растау схемасын таңдау дұрыс емес бағалаудың жиынтық қатерін және сәйкестікті растаудан өткен өнімді қолданудың зардабын есепке ала отырып жүзеге асырылады. Өнімнің сәйкестігін растаудың ұсынылатын рәсімдері осы Техникалық регламенттің 2-қосымшасында берілген.

9. Үйлестірілген стандарттар тізбесі

Ескерту. 9-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

10. Нарықтағы сәйкестік белгісі

Ескерту. 10-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

11. Қолданысқа енгізу мерзімі мен шарттары

45. Осы Техникалық регламент ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

46. Осы Техникалық регламент қолданысқа енгізілгенге дейін берілген сәйкестікті растау саласындағы құжаттар қолдану мерзімі біткенге дейін қолданыста деп саналады.

Техникалық регламентке
1-қосымша

Жемістердің, көкөністердің, тамыржемістілердің және оларды қайта өңдеу өнімдерінің Кеден одағы сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (КО СЭҚ БТН) кодына сәйкес тізбесі

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2010.11.15 N 1201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

КО коды	СЭҚ	БТН	Позицияның атауы
1			2

0701	Жаңадан піскен және тоңазытылған картоп:
0701 10 000 0	- тұқымдық
0701 90	- өзгесі:
0701 90 100 0	-- крахмал өндіру үшін
	-- өзгесі:
0701 90 500 0	--- жас, 1 қаңтардан 30 маусым аралығы
0701 90 900 0	--- өзгелері
0702 00 000	жаңадан піскен және тоңазытылған қызанақтар:
0702 00 000 1	- 1 қаңтар - 31 наурыз
0702 00 000 2	- 1 сәуір - 30 сәуір
0702 00 000 3	- 1 мамыр - 14 мамыр
0702 00 000 4	- 15 мамыр - 31 мамыр
0702 00 000 5	- 1 маусым - 30 қыркүйек
0702 00 000 6	- 1 қазан - 31 қазан
0702 00 000 7	- 1 қараша - 20 желтоқсан
0702 00 000 9	- 21 желтоқсан - 31 желтоқсан
0703	Пияз, шалот пиязы, сарымсақ, порей пиязы және өзге де пиязшық көкөністер, жас және тоңазытылған:
0703 10	- пияз және шалот пиязы:
	-- пияз:
0703 10 110 0	--- себілетін пияз
0703 10 190 0	--- өзгелері
0703 10 900 0	-- шалот пиязы
0703 20 000 0	- сарымсақ
0703 90 000 0	- порей пиязы және өзге де пиязшық көкөністер
0704	Қаудандық қырыққабат, қырыққабат, қырыққабат және Brassica тұрлі-түсті жапырақты ұқсас жеуге жарамды көкөністер, жас және тоңазытылған:
0704 10 000 0	- түрлі-түсті қырыққабат және брокколи
0704 20 000 0	- брюссельдік қырыққабат
0704 90	- өзгелері:
0704 90 100 0	-- аккауданды және қызылқауканды қырыққабат:
0704 90 900 0	-- өзгелері
0705	Латук салаты (Lactuca sativa) және цикорий (Cichorim spp.), жас және тоңазытылған:
	- латук салаты:

0705 11 000 0	-- қаудандық латук салаты (қаудандық салаты)
0705 19 000 0	-- өзгелері
	- цикорий:
0705 21 000 0	-- кәдімгі цикорий (Cichorim intybus var. foliosum)
0705 29 000 0	-- өзгелері
0706	Сәбіз, тұрып, асханалық қызылша, ешкі сақал, тамырлы балдыркөк, шалқан және өзге де ұқсас жеуге жарайтын тамыр тұқымдары, жас және тоңазытылған:
0706 10 000 0	- сәбіз және шалқан:
0706 90	-- өзгелері
0706 90 900 0	--- өзгелері
0707 00	қиярлар және корнишондар, жас және тоңазытылған:
0707 00 050	- қиярлар:
0707 00 050 1	-- 1 қаңтар - ақпанның аяғы
0707 00 050 2	-- 1 наурыз - 30 сәуір
0707 00 050 3	-- 1 мамыр - 15 мамыр
0707 00 050 4	-- 16 мамыр - 30 қыркүйек
0707 00 050 5	-- 1 қазан - 31 қазан
0707 00 050 6	-- 1 қараша - 10 қараша
0707 00 050 9	-- 11 қараша - 31 желтоқсан
0707 00 900 0	- корнишондар
0708	Аршылған немесе аршылмаған бұршаққап көкөністері, жас немесе тоңазытылған:
0708 10 000 0	- бұршақ (Pisum sativum)
0708 20 000 0	- үрме бұршақ (Vigna spp., Phaseolus spp.)
0708 90 000 0	- өзге де бұршақ көкөністер
0709	Өзге де кекөністер, жас және тоңазытылған:
0709 10 000 0	- артишок
0709 20 000 0	- қасқыржем
0709 30 000 0	- баялдылар (бадридждандар)
0709 40 000 0	- тамырлы балдыркөктен басқа, өзге де балдыркөк
	- саңырауқұлақтар және трюфельдер:
0709 51 000 0	-- Agaricus тектес саңырауқұлақтар
0709 59	-- өзгелері:
0709 52 000 0	- трюфельдер
0709 59	--- өзгелері
0709 59 100 0	--- түлкішектер

0709 59 300 0	--- мүктілер
0709 59 900 0	--- өзгелері
0709 60	- Capsicum тектес немесе Pimenta тектес тұқымдар:
0709 60 100 0	-- сабақты тәтті бұрыш
	-- өзгелері:
0709 60 910 0	--- Capsicum текті тұқымдар, капсичина немесе бұрыштық жанды бояғыштар өндіру үшін
0709 60 950 0	--- эфирлі майды немесе резиноидтерді өнеркәсіптік өндіру үшін
0709 60 990 0	--- өзгелері
0709 70 000 0	- саумалдық, жаңа Зеландия саумалдық және алпамса саумалдық (бақшалық саумалдық)
0709 90	- өзгелері:
0709 90 100 0	-- салаттық көкөністер, салат-латуктен (Lactuca sativa) және цикорийден (Cichorium spp.) басқа
0709 90 200 0	-- жапырақты қызылша және кардон
	-- зәйтүн немесе зәйтүн жемісі:
0709 90 310 0	--- майға өңдеуден басқа пайдалану үшін
0709 90 390 0	--- өзгелері
0709 90 400 0	-- каперстер
0709 90 500 0	-- фенхель
0709 90 600 0	-- қантты жүгері
0709 90 700 0	-- аскабақтар
0709 90 900 0	-- өзгелері
0710	Мұздатылған көкөністер (шикі немесе суда немесе буда пісірілген):
0710 10 000 0	- картоп
	- бұршақ көкөністері, аршылған немесе аршылмаған:
0710 21 000 0	-- бұршақ (Piswn sativum)
0710 22 000 0	- - ү р м е б ұ р ш а қ (Vigna spp., Phaseolus spp.)
0710 29 000 0	-- өзгелері
0710 30 000 0	- саумалдық, жаңа Зеландия саумалдық және алпамса саумалдық (бақшалық саумалдық)
0710 40 000 0	- қант жүгерісі
0710 80	- өзге де көкөністер:
0710 80 100 0	-- зәйтүн немесе зәйтүн жемістері
	-- Capsicum тектес немесе Pimenta тектес тұқымдар:
0710 80 510 0	--- сабақты тәтті бұрыш
0710 80 590 0	--- өзгелері
	-- саңырауқұлақтар:

0710 80 610 0	--- Agaricus тектес
0710 80 690 0	--- өзгелері
0710 80 700 0	-- томаттар
0710 80 800 0	-- бөрікгүлдер
0710 80 850 0	-- спаржа
0710 80 950 0	-- өзгелері
0710 90 000 0	- көкөніс қоспалары
0711	Қысқа уақытқа сақтау үшін консервіленген, бірақ мұндай түрде тікелей тамаққа пайдалануға жарамсыз түрдегі көкөністер (мысалы, тұздық судағы, күкіртті судағы немесе басқа да уақытша консервілейтін ерітіндідегі диоксид күкірттері):
0711 20	- зәйтүн немесе зәйтүн жемістері:
0711 20 100 0	-- майға өңдеуден басқа пайдалану үшін
0711 20 900 0	-- өзгелері
0711 40 000 0	- қиярлар мен корнишондар
	- саңырауқұлақтар мен трюфелдер:
0711 51 000 0	-- Agaricus тектес саңырауқұлақтар
0711 59 000 0	-- өзгелері
0711 90	-- өзге де көкөністер; көкөніс қоспалары:
	-- көкөністер:
0711 90 100 0	--- Capsicum тектес немесе Pimenta тектес тұқымдар, тәтті сабақты бұрыштан басқа
0711 90 300 0	--- қантты жүгері
0711 90 500 0	--- пияз
0711 90 800 0	--- өзгелері
071190 900 0	-- көкөніс қоспалары
0712	Кептірілген, бүтін, бөлшектерге, тілімдерге кесілген, ұсақталған немесе ұнтақ түріндегі, бірақ одан арғы өңдеуге ұшырамаған көкөністер:
0712 20 000 0	- басты пияз
	- саңырауқұлақтар, сүрек бездері немесе аурикуляциялар (Auricularia spp.), ашытқылық саңырауқұлақтар (Tremella spp.) және трюфелдер:
0712 31 000 0	-- Agaricus тектес
0712 32 000 0	-- сүрек бездері немесе аурикуляциялар (Auricularia spp.)
0712 33 000 0	-- ашытқылық саңырауқұлақтар (Tremella spp.)
0712 39 000 0	-- өзгелері

0712 90	- өзге де көкөністер; көкөніс қоспалары:
0712 90 050 0	-- картоп, тұтас немесе тілімделіп кесілген, бірақ одан арғы өңдеуге ұшырамаған
	-- қант жүгерісі (Zea mays var. Saccharata):
0712 90 110 0	--- егу үшін будандастырылған
0712 90 190 0	--- өзгелері
0712 90 300 0	-- томаттар
0712 90 500 0	-- сәбіз
0712 90 900 0	-- өзгелері
0713	Кептірілген, аршылған, тұқымдық қауызынан тазартылған немесе тазартылмаған, уатылған немесе уатылмаған бұршаққап көкөністері:
0713 10	- бұршақ (Pisum sativum):
0713 10 100 0	-- егу үшін
0713 10 900 0	-- өзгелері
0713 20 000 0	- бұршаққап
	- үрме бұршақ (Vigna spp., Phaseolus spp.):
0713 31 000 0	-- Vigna mungo (L.) Hepper немесе Vigna []adiate (L.) Wilczek түрлердегі үрме бұршақ
0713 32 000 0	-- ұсақ қызыл үрме бұршақ (адзуки) (Phaseolus или Vigna angularis)
0713 33	-- ақ ұсақ тұқымды үрме бұршақты қоса алғанда (Phaseolus vulgaris), жай үрме бұршақ
0713 33 100 0	--- егу үшін
0713 33 900 0	--- өзгесі
0713 39 000 0	-- өзгесі
0713 40 000 0	- жасымық
0713 50 000 0	- жасымық бұршаққаптар, немесе ірі тектес (Viciafaba var. Major) және азықтық бұршаққаптар, немесе ұсақ тектес (Viciafaba var. Equina, Viciafaba var. Minor)
0713 90	- өзгелері
0714	Маниок, маранта, салепп, жер алмұрты немесе топинамбур, тәтті картоп немесе батат және құрамында крахмалдың немесе инулиннің жоғары мөлшері бар басқа да ұқсас тамыр тұқымдары мен түйнек тұқымдары, жас, тоңазытылған, мұздатылған немесе кептірілген бүтін немесе тілімдерге

	кесілген немесе түйіршік түріндегі; саго пальмасының өзегі
0714 10	- маниок (кассава):
0714 10 100 0	-- ірі немесе ұсақ тартылған ұнның түйіршектері
	-- өзгелері:
0714 10 910 0	--- бастапқы орамда таза салмағы 28 кг-нан аспайтын тағамға пайдалануға арналған, не жас және тұтас, не қабықсыз және мұздатылған, тілімделіп кесілген немесе кесілмеген
0714 10 990 0	--- өзгелері
0714 20	тәтті картоп, немесе батат:
0714 20 100 0	-- жас, тұтас, тамаққа пайдалануға арналған
0714 20 900 0	-- өзгелері
0714 90	- өзгелері:
	-- құрамында крахмалдың жоғары мөлшері бар маранта, салеп және ұксас тамыр жемістер мен түйнек жемістер:
0714 90 110 0	-- бастапқы орамдарында таза салмағы 28 кг-нан аспайтын тағамға пайдалануға арналған, не жас және тұтас, не қабықсыз және мұздатылған, тілімделіп кесілген немесе кесілмеген
0714 90 190 0	--- өзгелері
0714 90 900 0	-- өзгелері
0801	Кокос, бразилиялық жаңғақтар және кешью жаңғақтары, жаңа піскен немесе кептірілген, қауызынан аршылған немесе аршылмаған, қабығымен немесе қабықсыз:
	- кокос жаңғақтары:
0801 11 000 0	-- кептіріп алынған
0801 19 000 0	-- өзгелері
	- бразилиялық жаңғақтар:
0801 21 000 0	-- қауызында
0801 22 000 0	-- қауызынан тазартылған
	- кешью жаңғақтары:
0801 31 000 0	-- қауызында
0801 32 000 0	-- қауызынан тазартылған
0802	жаңа піскен немесе кептірілген, қауызынан аршылған немесе аршылмаған, қабығымен немесе қабықсыз өзге де жаңғақтар;

	- бадам:
0802 11	--- қабығымен
0802 11 100 0	--- ащы
0802 11 900 0	--- өзгелері
0802 12	--- қабығынан аршылған
0802 12 100 0	--- ащы
0802 12 900 0	--- өзгелері
	- орман жаңғағы, немесе орман жаңғағы (Corylus spp.):
0802 21 000 0	-- қауызында
0802 22 000 0	-- қауызынан аршылған
	- грек жаңғақтары:
0802 31 000 0	-- қауызында
0802 32 000 0	-- қауызынан аршылған
0802 40 000 0	- талшындар (Castanea spp.)
0802 50 000 0	- пістелер
0802 90	- өзгелері:
0802 90 200 0	-- ареки (немесе бетель) жаңғақтары, кола немесе пекан жаңғақтары
0802 90 500 0	-- самырсын жаңғақтары
0802 90 850 0	-- өзгелері
0803 00	Плантайндарды қоса алғанда, жаңа піскен немесе кептірілген банандар:
	- жаңа піскен:
0803 00 110 0	-- плантайндар
0803 00 190 0	-- өзгелері
0803 00 900 0	- кептірілген
0804	Құрмалар, інжір, ананастар, авокадо, гуайява, манго және мангоста, немесе гарциния, жаңа піскен немесе кептірілген:
0804 10 000	- құрмалар:
0804 20	- інжір:
0804 20 100 0	-- жаңа піскен
0804 20 900 0	-- кептірілген
0804 30 000 0	- ананастар:
0804 40 000 0	- авокадо
0804 50 000 0	- гуайява, манго және мангостан, немесе гарциния:
0805	Жаңа піскен немесе кептірілген цитрустардың жемістері:
0805 10	- апельсиндер:
0805 10 800 0	-- өзгелері

0805 20	- мандариндер (танжериндарды және сатсумаларды қосқанда); клементиналар, вилкингтер және цитрустарға ұқсас будандар
0805 20 100 0	-- клементиналар
0805 20 300 0	-- монреаль және сатсума
0805 20 500 0	-- мандариндер және вилкингтер
0805 20 700 0	-- танжериндар
0805 20 900 0	-- өзгелері
0805 40 000 0	- грейп жемістері
0805 50	- лимондар (Citrus limon, Citrus limonum) және лаймалары (Citrus aurantifolia, Citrus latifolia):
0805 50 100 0	-- лимондар (Citrus limon, Citrus limonum)
0805 50 900 0	-- лаймалар (Citrus aurantifolia, Citrus latifolia)
0805 90 000 0	- өзгелері
0806	Жүзім, жаңа піскен немесе кептірілген:
0806 10	- жаңа піскен:
0806 10 100 0	-- асханалық сұрыптар
0806 10 900 0	-- өзгелері
0806 20	- кептірілген:
0806 20 110 0	-- коринка
0807	Жаңа піскен қауындар (қарбыздарды қоса алғанда) және папайя:
	- қауындар (қарбызды қоса алғанда):
0807 11 000 0	-- қарбыздар
0807 19 000 0	-- өзгелері
0807 20 000 0	- папайя
0808	Алмалар, алмұрттар және беже, жаңа піскен:
0808 10	- алмалар:
0808 20	- алмұрттар және беже:
	-- алмұрттар:
0808 20 100 0	--- перри, немесе алмұрт сидрын өндіру үшін, көп, 1 тамыз - 31 желтоқсан
0808 20 500 0	--- өзгелері
0808 20 900 0	- беже
0809	Жаңа піскен өріктер, шиелер және қызыл шие, шабдалы (шірнелерді қоса алғанда), алхорылар және шомырт:
0809 10 000 0	- өріктер
0809 20	- шие және қызыл шие:

0809 20 050 0	-- қышқыл шиe (Prunus cerasus)
0809 20 950 0	-- өзгелері
0809 30	- шабдалы, шірнелерді қоса алғанда:
0809 30 100 0	-- шірнелер
0809 30 900 0	-- өзгелері
0809 40	- алхорылар және шомырт:
0809 40 050 0	-- алхорылар
0809 40 900 0	-- шомырт
0810	Жаңа піскен өзге де жемістер:
0810 10 000 0	- бүлдірген және құлпынай
0810 20	- таңқурай, қожақат, тұт жидегі, немесе тұт ағашы және логанов жидегі:
0810 20 100 0	-- таңқурай
0810 20 900 0	-- өзгелері
0810 40	- мүкжидек, қаражидек және өзге де Vaccinium тектес жидектер:
0810 40 100 0	- ит бүлдірген (Vaccinium vitis-idaea түріндегі өсімдіктердің жемістері)
0810 40 300 0	-- Vaccinium myrtillus түріндегі өсімдіктердің жемістері
0810 40 500 0	-- Vaccinium macrocarpon және Vaccinium corymbosum түріндегі өсімдіктердің жемістері
0810 40 900 0	-- өзгелері
0810 50 000 0	- киви
0810 60 000 0	- дуриан
0810 90	- өзгелері:
0810 90 300 0	-- тамаринд, анакардия, немесе акажу, личи, джекфрут, немесе нан ағашының жемісі, саподилла
0810 90 400 0	-- пассифлора, немесе страстоцвет, карамбола және питайя
0810 90 950 0	-- өзгелері
0811	Ыстық судағы немесе будағы жылулық өңдеуге ұшыраған қант немесе өзге де тәттілеуші заттар қосылып немесе қосылмай мұздатылған жемістер мен жаңғақтар:
0811 10	- бүлдірген және құлпынай:
	-- қант немесе өзге де тәттілеуіш заттар қосылған:
0811 10 110 0	--- құрамында 13 мас.%-дан астам қанты бар
0811 10 190 0	--- өзгелері
0811 10 900 0	-- өзгелері

0811 20	- таңқурай, қожақат, тұт жидегі, немесе тұт ағашы және логанов жидегі, қара, ақ немесе қызыл қарақат және қарлыған:
	-- қант немесе өзге де тәттілеуіш заттар қосылған:
0811 20 110 0	--- құрамында 13 мас.%-дан астам қанты бар
0811 20 190 0	--- өзгелері
	- өзгелері:
0811 20 310 0	--- таңқурай
0811 20 390 0	--- қара қарақат
0811 20 510 0	--- қызыл қарақат
0811 20 590 0	--- қожақат, тұт жидегі, немесе тұт ағашы
0811 20 900 0	--- өзгелері
0811 90	- өзгелері:
	-- қант немесе өзге де тәттілеуіш заттар қосылған:
	--- құрамында 13 мас.%-дан астам қанты бар:
0811 90 110 0	---- тропикалық жемістер және тропикалық жаңғақтар
0811 90 190 0	---- өзгелері
	--- өзгелері:
0811 90 310 0	---- тропикалық жемістер және тропикалық жаңғақтар
0811 90 390 0	---- өзгелері
	-- өзгелері:
0811 90 500 0	--- Vaccinium myrtillus түріндегі өсімдік жемістері
0811 90 700 0	--- Vaccinium myrtilloides және Vaccinium angustifolium түріндегі өсімдік жемістері
	--- шие және қызыл шие:
0811 90 750 0	қышқыл шие (Prunus cerasus)
0811 90 800 0	---- өзгелері
0811 90 850 0	--- тропикалық жемістер және тропикалық жаңғақтар
0811 90 950 0	--- өзгелері
0812	Қысқа мерзімге арналып консервіленген, бірақ мұндай түрде тікелей тамаққа пайдалануға жарамсыз жемістер мен жаңғақтар (мысалы, тұздықтағы, күкіртті судағы немесе басқа да уақытша консервілейтін ерітіндідегі диоксид күкірттері):
0812 10 000 0	- шие және қызыл шие

0812 90	- өзгелері:
0812 90 100 0	-- өріктер
0812 90 200 0	-- апельсиндер
0812 90 300 0	-- папайя
0812 90 400 0	-- Vaccinium myrtillus түріндегі өсімдік жемістері
0812 90 700 0	-- гуайява, манго, мангостан, немесе гарциния, тамаринд, анакардия, немесе акажу, личи, джекфрут, немесе нан ағашының жемісі, саподилла, пассифлора, немесе страстоцвет, карамбола, питайя және тропикалық жаңғақтар
0812 90 990 0	-- өзгелері
0813	0801-0806 тауар позициясындағы ұрықтардан басқа кептірілген жемістер; аталған топ жаңғақтарының немесе кептірілген жеміс ұрықтарының қоспалары:
0813 10 000 0	- өріктер
0813 20 000 0	- кара алхорылар
0813 30 000 0	- алмалар
0813 40	- өзге жемістер:
0813 40 100 0	-- шабдалы, шірнелерді қосқанда
0813 40 300 0	-- алмұрттар
0813 40 500 0	-- папайя
0813 40 600 0	-- тамаринд
0813 40 700 0	-- анакардия, немесе акажу, личи, джекфрут, немесе нан ағашының жемісұрығы, саподилла, пассифлора, немесе страстоцвет, карамбола және питайя
0813 40 950 0	-- өзгелері
0813 50	- осы топтағы жаңғақтардың немесе кептірілген жеміс ұрпақтарының қоспалары:
	-- 0801-0806 тауар позициясындағы ұрықтардан басқа кептірілген жемістер:
	--- кара алхорысыз:
0813 50 120 0	---- папайядан, тамаринддан, анакардиядан, немесе акажудан, личиден, джекфрутадан, нан ағашының жемісінен, саподилладан, пассифлорадан, немесе страстоцветтен, карамбола мен питайядан
0813 50 150 0	---- өзгелері
0813 50 190 0	--- кара алхорымен
	-- 0801 және 0802 тауар позициясындағы кептірілген жаңғақтардан ғана тұратын қоспалар:

0813 50 310 0	--- тропикалық жаңғақтардан
0813 50 390 0	--- өзгелері
	-- өзге қоспалар:
0813 50 910 0	--- құрамында кара алхорылар немесе інжірі жоқ
0813 50 990 0	--- өзгелері
0814 00 000 0	Жаңа піскен, мұздатылған, кептірілген немесе қысқа мерзімге сақтау үшін тұздықтағы, күкіртті суда немесе б а с қ а да уақытша консервілеуші ерітіндіде консервіленген цитрусты ж е м і с ұ р ы қ т а р ы - ның қыртыстары немесе қауындардың қабықтары (карбыздың қабықтарын қоса алғанда)
2004	Сірке суы немесе сірке қышқылы қосылмай дайындалған немесе консервіленген, мұздатылған, 2006 тауар позициясындағы өнімдерден басқа өзге де көкөністер:
2004 10	- картоп:
2004 10 100 0	-- жылытып өңдеуге ұшыраған, қандай да бір басқа жолмен дайындалмаған
	-- өзгелері:
2004 10 910 0	--- ірі тартылған және майда тартылған ұн немесе ұлпілдектер түріндегі
2004 10 990 0	--- өзгелері
2004 90	- басқа да көкөністер мен көкөніс қоспалары:
2004 90 100 0	-- қант жүгерісі (Zea mays var. saccharata)
2004 90 300 0	-- ашытылған қырыққабат, каперстер мен зәйтүн жемісі немесе зәйтүн
2004 90 500 0	-- бұршақ (Pisum sativum) және піспеген ас бұршақ Phaseolus spp., сабақтағы
	-- қоспаларды қоса, өзгелері:
2004 90 910 0	--- жылытып өңдеуге ұшыраған, қандай да бір басқа жолмен дайындалмаған пияз
2004 90 980 0	--- өзгелері
2005	Сірке суы немесе сірке қышқылы қосылмай дайындалған немесе консервіленген, мұздатылмаған, 2006 тауар позициясындағы өнімдерден басқа өзге де көкөністер:
2005 10 00	- гомогендендірілген көкөністер:
2005 10 001 0	-- балалар тағамы үшін

2005 10 009 0	- өзгелері
2005 20	- картоп:
2005 20 100 0	-- ірі тартылған және майда тартылған ұн немесе үлпілдек түріндегілері
	- өзгелері:
2005 20 200 0	--- жұқалап тілімделіп кесілген, қуырылған немесе кептірілген, тұздалған немесе тұздалмаған, хош иістендірілген немесе хош иістендірілмеген, саңылауы жоқ орамадағы, тікелей қолдану үшін жарамдылары
2005 20 800 0	--- өзгелері
2005 40 000 0	- бұршақ (<i>Pisum sativum</i>)
	- лобия (<i>Vigna spp.</i> , <i>Phaseolus spp.</i>):
2005 51 000 0	-- аршылған лобия
2005 59 000 0	-- өзгелері
2005 60 000 0	- спаржа
2005 70	- зәйтүн жемісі немесе зәйтүн:
2005 70 100 0	-- таза салмағы 5 кг аспайтын бастапқы орамадағы
2005 70 900 0	-- өзгелері
2005 80 000 0	- қант жүгерісі (<i>Zea mays var. Saccharata</i>)
2005 90	- басқа да көкөністер мен көкөніс қоспалары:
2007	Жылы өндеу жолымен, оның ішінде қ а н т т ы немесе басқа да тәттілендіргіш заттарды қосу арқылы алынған джем, жеміс желесі, мармеладтар, жеміс немесе жанғақ пюресі, жеміс немесе жаңғақ пастасы
2007 10	- гомогенизделген дайын өнімдер:
2007 10 10	- құрамында массалық 13 %-дан артық қанты бар:
2007 10 101 0	--- балалар тағамына арналған
2007 10 109 0	--- өзгелері
	-- өзгелері:
2007 10 91	--- тропикалық жемістерден жасалған:
2007 10 911 0	---- балалар тағамына арналған
2007 10 919 0	---- өзгелері
2007 10 99	--- өзгелері:
2007 10 991 0	---- балалар тағамына арналған
2007 10 999 0	---- өзгелері
	- өзгелері:

2007 91	-- цитрус өнімдері:
2007 91 100 0	--- құрамында мас. 30%-дан астам қант бар
2007 91 300 0	--- құрамында 13 мас. %-дан астам, бірақ 30 мас. %-дан аспайтын қант бар
2007 91 900 0	--- өзгелері
2007 99	-- өзгелері
	---- құрамында 30 мас. %-дан астам қант бар
2007 99 100 0	---- Prunus тектес алхоры түрлерінің пюресі мен пастасы, өнеркәсіптік өңдеу үшін бастапқы орамадағы таза салмағы 100 кг-нан астам
2007 99 200 0	---- каштанды пюре мен паста
	---- өзгелері:
2007 99 310 0	----- шие мен қызыл шиеден жасалған:
2007 99 330 0	----- кой бүлдірген мен құлпынайdan жасалған
2007 99 350 0	----- таңқұрайdan жасалған
2007 99 390 0	----- өзгелері
	--- құрамында 13 мас. %-дан астам қант бар, бірақ 30 мас. %-дан аспайтын:
2007 99 510 0	---- каштанды пюре мен паста
2007 99 550 0	---- алма пюресі, компоттарды қоса
2007 99 580 0	---- өзгелері
	--- өзгелері:
2007 99 910 0	---- алма пюресі, компоттарды қоса
2007 99 930 0	---- тропикалық жемістер мен тропикалық жаңғақтардан жасалған
2007 99 980 0	---- өзгелері

* Өнімнің кодтары "Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы" жіктеуішіне сәйкес көрсетілген.

Техникалық регламентке
2-қосымша

Сәйкестікті растау схемалары

Схе- ма- ның нөмі- рі	Сәйкес- тікті растау тәсіл- дері	Өндірісті тексеру	Инспекциялық бақылау	Серти- фикат- тың қолда- нылу мерзі- мі (ас- пай- тын)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

1	Типті сынау			6 ай	Таңбалау жүргізілмейді
2	Типті сынау	Өндірістің жай-күйін талдау	Сатушыдан алынған үлгілерді сынау Өндірістің жай-күйін талдау	12 ай	Осы типтің барлық шығарылатын өнімі таңбаланады
3	Типті сынау	Өндірістің жай-күйін талдау	Дайындаушыдан алынған үлгілерді сынау. Өндірістің жай-күйін талдау	12 ай	Осы типтің барлық шығарылатын өнімі таңбаланады
4	Типті сынау	Өндірістің жай-күйін талдау	Сатушыдан алынған үлгілерді сынау. Дайындаушыдан алынған үлгілерді сынау. Өндірістің жай-күйін талдау	18 ай	Осы типтің барлық шығарылатын өнімі таңбаланады
5	Типті сынау	Өндірісті немесе сапа менеджменті жүйесін сертификаттау	Сатушыдан алынған үлгілерді сынау. Дайындаушыдан алынған үлгілерді сынау. Өндірісті бақылау (сапа менеджменті жүйелері) **	36 ай	Осы типтің барлық шығарылатын өнімі таңбаланады
6	Типті сынау	Сапа менеджменті жүйесін сертификаттау	Өндірісті, сапа менеджменті жүйесін бақылау**	36 ай	Таңбалау жүргізілмейді
7	Партияны сынау			Партияны сату мерзімі	Таңбалау жүргізілмейді
8	Әрбір бұйымды сынау			Белгіленбейді	Әрбір бұйымды таңбалайды

9	Қоса берілетін құжаттармен бірге сәйкестік туралы өтінімді карау			Өнімнің жарамдылық мерзімі, бірақ 12 айдан аспауы керек	Таңбалау жүргізілмейді
10	Қоса берілетін құжаттармен бірге сәйкестік туралы өтінімді карау	Өндірістің жай-күйін талдау		12 ай	Таңбалау жүргізілмейді

- сынақтардың қажеттілігі мен көлемін сапа менеджментінің сертификатталған жүйесін (өндірісті) бақылау нәтижелері бойынша өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі орган анықтайды

- өндіріске немесе сапа менеджменті жүйесіне сертификат берген орган жүзеге асырады.

Сәйкестікті растау схемасын таңдау туралы ұсыныстар

1. 1-6 және 10 сәйкестікті растау схемалары сериялық шығарылатын өнімнің сәйкестігін растау кезінде, 7, 8, 9-схемалар шығарылған өнімнің сәйкестігін растау кезінде қолданылады.

2. 1-схеманы өнімнің шектеулі, өткізу көлемін алдын ала айтылған кезде қолдану ұсынылады.

3. 2-схеманы ұзақ мерзімді келісім-шарттар бойынша келіп түсетін импорттық өнімнің сәйкестігін растау кезінде немесе жекелеген келісім-шарттар бойынша сериялық өнімді тұрақты жеткізген кезде қолдану ұсынылады.

4. 3-схеманы өндірістің тұрақтылығы күмән тудырмайтын сериялық өнімді сертификаттау үшін қолдану ұсынылады.

5. 4-схеманы өнімнің сипаттамасының тұрақтылығына жан-жақты және қатаң бақылау қажет болатын кезде қолдану ұсынылады.

6. 5 және 6-схемаларды:

- сынақтарға арналған іріктеудің нақты көлемі шығарылатын өнімді объективті бағалау үшін жеткіліксіз;
- технологиялық процестер сыртқы факторларға сезімтал;
- шығарылатын өнім сипаттамаларының тұрақтылығына қойылатын жоғары талаптар белгіленген;
- өнімнің жарамдылық мерзімі сынақтарды ұйымдастыру және жүргізу үшін қажетті уақыттан кем;
- өнімді түрлендірудің жиі ауысымына тән;
- өнім тұтынушыда монтаждан өткеннен кейін ғана сыналуды мүмкін өнімдердің сәйкестігін растаған кезде қолдану ұсынылады.

6-схема түпкілікті бұйымның сәйкестігін растауды көздемейтіндігімен ерекшеленеді және жинақтаушы бұйымдардың сәйкестігін растау үшін ұсынылған.

6-схеманы, егер сипаттаманы сертификаттаған кезде расталатын номенклатура мен олардың мәндері Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін болса, өзінің сапа менеджменті жүйесіне сертификаты бар жеткізушінің (дайындаушының емес) импортталатын өнімінің сәйкестігін растау кезінде қолдану ұсынылады.

7. 7 және 8-схемаларды осы өнімді өндіру мен өткізу бір жолғы сипатқа ие болғанда (партиясы) қолдану ұсынылады.

8. 9-схеманы импортталатын өнімдер үшін мынадай жағдайларда:

- шағын және орта бизнес және жеке кәсіпкерлер үшін;
- жеке мұқтажы және өндіріске арналған өнімдерді әкелген кезде (жинақтаушы, ілеспе өнім, өндіріске арналған шикізат және жартылай фабрикаттар, технологиялық жабдық, өндіріске арналған құралдар мен аспаптар, монтаждауға арналған жабдықтар);
- өңірде сынақ зертханалары болмаған кезде өзге кәсіпорындардың өткізуі үшін өнімдерді әкелген кезде қолдану ұсынылады.

9. 10-схеманы отандық өндірушілердің тұрақты шығарылмайтын немесе шағын көлемде шығарылатын ұзаққа созылған өндірісте өнімдердің сәйкестігін растау кезінде қолдану ұсынылады.

Схеманы шағын кәсіпкерлік субъектілері мәлімдеген өнімдердің сәйкестігін растау кезінде қолданған орынды.

"Жемістер, көкөністер,
түйнек-жемістілер мен оларды
қайта өңдеу өнімдерінің
қауіпсіздігіне қойылатын
талаптар" техникалық
регламентіне
3-қосымша

Көкөністер сыныптамасы

Ескерту. Техникалық регламент 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 N 2119 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Көкөністер сыныбы екі кіші сыныпқа бөлінеді: вегетативтік және жемісті көкөністер. Вегетативтік көкөністерде тамаққа өсімдіктердің вегетативті органдары пайданылады: тамырлары, түйнектері, сабақтары, гүл шоғырлары, жапырақтары; жемісті көкөністерде - жемісі ғана қолданылады.

Кіші сыныбы			
Вегетативтік көкөністер		Жемісті көкөністер	
Тобы	Түрі	Тобы	Түрі
Түйнек жемістілер	картоп, топинамбур (жер алмұрты), батат (тәтті картоп)	Қызанақты көкөністер	қызанақтар, баялдылар, бұрыш, қанжапырақ
Тамыр жемістілер	сәбіз, қызылша, шалғам, шомыр, шалқан, ақжелкен, балдыркөк, ботташық, тарна	Асқабақ көкөністер	қияр, патиссондар, кәдіш, қарбыз, қауын, асқабақ
Қырыққабат көкөністер	Ақ қауданды және қызыл қауданды қырыққабат, савайлық, брокколи, брюссельдік, кольраби, түрлі-түсті, қытайлық, пекиндік қырыққабат	Дәнді-бұршақты дақылдар	көкөністік ас бұршақ, үрме бұршақ, атбас бұршақ, қант жүгерісі, вигна
Пиязды көкөністер	Пияз, сарымсақ, көк пияз (порей, батун, шалот, шнитт, слизун, хош иісті, көп қабатты)		
Салатты-саумалдық көкөністер	салат, саумалдық, қымыздық, мангольд, кресс-салат		
Татымды көкөністер	аскөк, тасшөп (тимьян), эстрагон, кориандр, насыбайгүл, зере, ақжелкек.		
Десерттік көкөністер	рауғаш, қасқыржем, бөрікгүл		